



№1 (199), 2025
(Қаңтар-Январь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. АГАБДИЛОВА

Ұлттық мектеп туралы менің ойларым.....3

І. АМАНГЕЛДІ

Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім
беру қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың
ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары.....5

Ж. ЕРМЕККАЛИЕВА

Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту.....8

А. МОЛДАГАЛИЕВА

Эмоционалдық интеллект12

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВА

Психикалық күйзеліс ұғымы туралы бірер сөз15

С. ШЕГІР

Қазіргі замандағы ата-аналар мен оқушылар арасындағы
қарым-қатынас.....18

А. РАЗАКОВА

Жас мамандардың жаңа ұжымға бейімделуіне арналған
психологиялық тренинг21

Н. ДҮЙСЕНОВА

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу23

А. СЕЙДАХМЕТОВА

Психологические причины агрессии ребенка27

А. МАХАНОВА

О работе педагога-психолога с одаренными детьми29

Б. САНБАЕВА

Оқушылар мен ата-аналарға арналған психологиялық
тренинг32

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы
«Мектептегі психология» журналында 2024 жылы
жарияланған материалдар тізімі35

Список опубликованных материалов в республиканском
научно-теоретическом и прикладном журнале «Психология
в школе» за 2024 год35

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

26. 01. 2025 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М.П. Кабакова – канд. психол. н., профессор
(Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)

 Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

 Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 26. 01. 2025 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Ұлттық мектеп туралы менің ойларым

Г. АГАБДИЛОВА

Өз кезінде ұлттық мектептің ғылыми негізін қалаған белгілі ағартушы, ғалым-педагог В.Я. Стоюнин ұлттық орыс мектебі туралы былай деп жазған: «Мектепте тәрбие алған жас ұрпақ өз Отаны туралы тиянақты білім алуы керек. Отантанудан оқушыларға толық мәлімет беріліп болғаннан кейін, оларды басқа шет мемлекеттермен таныстыруға болады». Ғылымның пайымдауы бойынша, отантануға орыс тілі мен тарихы, әдебиеті, географиясы, міндетті түрде орыс табиғаты (өсімдіктер мен жануарлар әлемі) кіреді. Осыған байланысты мынадай сұрақтар туындайды: «Біздің қазіргі қазақ мектептерінде Отантану пәні бар ма? Ол қандай негізде құралған?».

Ұлттық білім оқушыларға қай мөлшерде берілуі тиіс? Зерттеушілердің пайымдауынша, балабақша мен бастауыш мектеп әлемі таза ұлттық болуы тиіс. Әрине, отбасында бала ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленіп келеді, ол тәрбие балабақша мен бастауыш мектепте өз жалғасын тауып жатса, бала өте құнарлы білім алар еді. Бастауыш сыныпты тәмамдағаннан кейін, орта буынға барғанда оқушылардың дүние танымы, мәдени көзқарасы кеңеюі керек. Осы кезде басқа ұлттар мәдениетімен, тарихымен, тілімен таныстыру қажет. Ал жоғары сыныптарға барғанда, мәдени алаң одан да кеңейе түспек, яғни, мектеп бітіруші – өз этносының құндылықтары негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын меңгеріп, өзінің ана тілінің негізінде, басқа да шетел тілдерін жетік біліп шығуы керек.

Ұлттық білім алған оқушы өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін біліп шығады. «... мұндай балалар мектеп бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды, ... қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлт ұлы болып қалады...» (М. Дулатов).

Жаңа адамды, болашақ қоғам адамын рухани, интеллектуалдық жағынан дамыта тәрбиелеу ісі бүгінгі уақыттың күн тәртібіне айрықша қойылған мәселе. «Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлықтарын қалыптастыру», «Этникалық мәдени білім беру» тұжырымдамалары сияқты тарихи құжаттарда оған ғылыми жауап іздестірілген.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңына және «Білім» мемлекеттік бағдарламасына

сәйкес, қазақстандық білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін дамытуға жағдай жасау жөніндегі жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Білім берудің ұлттық үлгісінің негізгі өзегі оның құрылымдық бөлімдерінің сабақтастығы мен үздіксіздігі болып табылады. ХХІ ғасыр өз есігін ашты. Жас ұрпақ тәрбиесі жөнінде жаңа қадамдар басталды. Білім жөнінде жаңа заң қабылданды.

Қазір елімізде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін құру жүріп жатыр. Бұрынғы дәстүрлі оқыту мен тәрбиелеу жаңа көзқарастар тұрғысынан екшеленіп, талданып, басқа түрлері қабылдану үстінде. Ең бастысы, оқушыға деген қатынас нысан ретінде емес, оның дамушы тұлға ретіндегі қоғамды өзгертуші нысаны екені мойындалып отыр.

Білім қадірін біздің халқымыз ерте түсінген. «Бақыт жолы тек біліммен табылар», - дейді Ахмет Иүгнеки бабамыз. Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орнын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Қай ұлттың, қай халықтың болсын, кемеліне келіп, толысуына, рухани өсуіне, әдеби-мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек – ұлттық мектеп. Ұлттық тамыры жоқ мектеп ерте ме, кеш пе, халықтың қолдауынан қол үзеді. Ұлттық бағытқа бет бұрған мектеп үшін, біріншіден, білім мазмұнын ұлттық бөліктермен, яғни ана тілімен, өз тарихымен, өлкетану мәдениетімен толықтыру қажет.

Сондықтан да ұлттық бағытқа бет бұрған білім беру саласының стратегиясы – білім мазмұнын, сан ғасырлық тарихы мен мәдениетіне паш ететін өткенімізді бүгінгі ұрпақ үлгі тұтатындай дәрежеге жеткізіп, төл оқулықтарының рухын көтеру. Бұл – ғасырлар бойы жинақталған әдебиетіміз бен мәдениетімізді оқулық беттеріне саралап тізбектеу емес, оқушыны қызықтыра жетелей білу, оның өткенге өз бетімен талдау жасап, өзіне қажетін таңдап алуына жағдай жасау. Бүгінгі мектептің мақсат-міндеті – әрбір оқушының жеке тұлғалық қалыптасуына жол ашу. Мұндағы ауыр салмақ мектеп айнасы болып есептелетін мұғалім иығына түспек. Бір сөзбен, ХХІ ғасырда еңбек ететін әрбір ұстаздың жауапкершілігі өте зор.

Жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық- әдістемелік шарттары

I. АМАНГЕЛДІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары қарастырылады. Негізгі назар олардың білім беру, медициналық және әлеуметтік қажеттіліктерін бағалау мен қанағаттандыруға аударылған. Инклюзивті білім берудің маңызды қағидаттары, мысалы, оқу процесін даралау мен дифференциациялау, сондай-ақ балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес арнайы сыныптар ашу мәселелері сипатталады. Мұғалімдер мен ата-аналарды ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындау және көпсалалы қолдау көрсету ұйымы да маңызды аспект ретінде талқыланады. Мақалада гуманистік көзқарастың маңыздылығы және сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық мониторингтің қажеттілігі атап өтілген.

Кілт сөздер: Инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, оқу процесін даралау, арнайы сыныптар, психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік бейімделу, гуманистік көзқарас, білім беруді мониторингтеу.

Abstract

This article examines the organizational and methodological conditions for teaching students with special educational needs in general education institutions. The primary focus is on assessing and meeting their educational, medical, and social needs. Key principles of inclusive education, such as differentiation and individualization of the learning process, as well as the establishment of special classes based on children's developmental needs, are discussed. The article emphasizes the importance of preparing teachers and parents to work with children requiring special approaches and organizing interdisciplinary support. The significance of a humanistic approach and the need for psychological-pedagogical monitoring to ensure high-quality education and social integration are highlighted.

Keywords: Inclusive education, special educational needs, differentiated learning, special classes, psychological-pedagogical support, social adaptation, humanistic approach, educational monitoring.

Соңғы жылдары Қазақстанда инклюзивті білім беру мәселесін шешуге бағытталған шаралар жүзеге асырылуда. 2016 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданып, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қажетті жағдайлар жасау қарастырылды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша, 2023 жылы ерекше қажеттіліктері бар 126 500 бала оқыды, оның 102 000-ы жалпы білім беретін мектептерде, ал 24 500-і арнайы мекемелерде білім алды. Сонымен қатар, «Ерекше қажеттіліктері бар жастарды кәсіптік бағдарлау» бағдарламасы аясында 300 іс-шара өткізіліп, 100 000-нан астам адам қамтылды [1].

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру үшін олардың қажеттіліктерін кешенді бағалау маңызды. Бұл жұмыс психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) арқылы жүзеге асырылады және бірнеше бағытты қамтиды:

- медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерін анықтау;
- жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу;
- ата-аналар мен педагогтерге кеңес беру;
- ерекше балаларға тұрақты сүйемелдеу көрсету.

Басты мақсат – әр баланың қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік беретін жағдайларды уақытылы жасау. Бұл инклюзивтілік принципіне негізделген білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Арнайы шарттар кадрлық, материалдық және әдістемелік қамтамасыз етуді талап етеді, соның нәтижесінде ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін де, жалпы сынып оқушылары үшін де қолайлы орта қалыптасады [2].

Арнайы сыныптар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктеріне сәйкес ашылады. Олар бұзылу түрлеріне қарай жіктеледі:

- есту қабілеті нашар балалар үшін 10 оқушыдан аспайды;
- көру қабілеті бұзылған балалар үшін – 12 оқушы;
- психикалық дамуы тежелген балалар үшін – 12 оқушы және т.б.

Білім беру процесі үлгілік оқу жоспарларына сай ұйымдастырылады, ал оқыту мерзімі оқу-танымдық қызметтің қарқынына байланысты ұлғайтылуы мүмкін.

Инклюзивті білім беруде мұғалімдер, ата-аналар және балалар арасындағы өзара әрекеттестік ерекше маңызға ие. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балаларға деген оң көзқарасты қалыптастыру қажет. Мұғалімдер олардың құрдастарына түсіністікпен қарауын қамтамасыз етуі тиіс. Мектеп жоспарларында ерекше қажеттіліктері бар оқушылар туралы ақпарат беру және олардың әлеуетін ашуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру маңызды [3, 4].

Осындай шаралар ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға тиімді ықпалдастыруға және олардың дербес әлеуетін дамытуға ықпал етеді

Үшінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша мұғалімдер мен ата-аналарды арнайы даярлау және оларға уақытылы кеңес беру. Жалпы білім беру жағдайында ерек-

ше балаларды оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесі басқару құрылымдары мен мектеп басшыларының құзыреттілігіне және педагогтердің кәсіби дайындығына байланысты. Әуелі жалпы білім беретін мектептердің басшылары арнайы курстардан өтуі қажет, себебі олар ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға жауапты. Мұндай сыныптардың немесе оқушылардың мектепте болуы білім беру процесін қайта құруды талап етеді: сабақ кестесі, ұзақтығы, түзету сабақтарының сапасын бақылау, арнайы қолдау қызметін құру және басқа да мәселелерді реттеу керек. Басшылар мен педагогтерді оқыту тек біліктілікті арттыру институттары базасында ғана емес, мектепте де жүзеге асырылуы тиіс. [5]

Ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер олардың даму ерекшеліктерін, ауытқулардың себептерін және арнайы оқыту әдістерін меңгеруі қажет. Теориялық және практикалық дайындық қатар жүргізіліп, мұғалімдер тәжірибе алмасу үшін бірлескен талқылаулар ұйымдастырылады. Бұл ретте арнайы педагогтар (психологтар, дефектологтар) мұғалімдерге тұрақты түрде қолдау көрсетуі маңызды.

Ата-аналар да бұл процестің белсенді қатысушылары болуы тиіс. Олар баласының түзету сабақтарына қатысуын қамтамасыз етіп, арнайы мұғалімдердің кеңестерін ескеруі керек. Үй тапсырмаларын дұрыс орындамау оқушының оқу процесіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан ата-аналардың мектептен тыс іс-шараларға (үйірмелер, спорттық секциялар) баланың қатысуын ынталандыруы қажет.

Төртінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды арнайы психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу. Баланың дамуының ауытқулары оның оқу материалын меңгеруіне және әлеуметтік қарым-қатынас орнатуына әсер етеді. Бұл сүйемелдеу баланың қажеттіліктеріне сәйкес жағдай жасауға бағытталған мамандардың (психолог, логопед, дефектолог) үйлесімді жұмысы ретінде ұйымдастырылады. Ішкі сүйемелдеуді мектеп мамандары, ал сыртқы сүйемелдеуді аудандық түзету кабинеттері жүзеге асырады.

Бесінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу жетістіктерін мониторингілеу және жеке қолдау бағдарламасын түзету. Оқушының танымдық және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын үнемі бақылау арқылы оқу процесіндегі қиындықтарды анықтап, оларды жою шаралары қабылданады. Бұл мониторинг педагогке баланың даму деңгейін бақылап, оның жеке білім беру бағытын түзетуге мүмкіндік береді. Әр оқу жылының соңында оқушылардың жетістіктері арнайы карталарда тіркеледі. [6].

Осылайша, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне қосу үшін қажетті жағдайлар жасалады. Бұл шаралар олардың табысты оқуы мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жо-

спары. https://www.gov.kz/uploads/2023/1/12/5b49e44a68d6b7510f9e95897a407e8d_original.704727.pdf, 2023.

2 Инклюзивті білім берудің теориялық және тәжірибелік өзекті мәселелері, 2019 жыл. http://library.wku.edu.kz/index.php?option=com_docman&task=doc_view&gid=7895&tmpl=component&format=raw&Itemid=2&lang=kz

3 Burov K. S. Professional'noe samoopredelenie kak nauchnoe ponjatie // Vestnik Juzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. Serija: Obrazovanie. Pedagogicheskie nauki. 2019. T. 11, № 2. S. 45–57.

4 Engelmann, S., & Carnine, D. Connecting math concepts, updated edition. Chicago: Science Research Associates, 2021.

5 A. Magauova, Inkljuzivnoe obrazovanie v Kazahstane, 2022. <http://orcid.org/0000-0002-0667-1011>

6 Inclusive education development strategies in Central Asia: Kazakhstan experience, Journal of Educational Studies. 2020. Vol. 14, Issue 3. P. 112–123.

Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту

Ж. ЕРМЕККАЛИЕВА

Суицид – ауру, рухани азап және психологиялық дағдарыс, ішкі күшті жанжал ретінде түсіндіріледі. Әсіресе ауыр және қауіпті дағдарыстар эмоцияға берілгіш, тез жараланғыш тұлғаларда болады. Осылайша суицид – адам мінез-құлқының актісі, ол психикалық ауру әсерінен және рухани күйзелістің ұлғаюы жағдайында жасалады.

Қазіргі психологиялық зерттеулер адамдардың өмірде кездесетін қиыншылықтарды өзіне-өзі қол жұмсаумен әрі бұл мәселе генетикамен байланысты екендігін айқындайды.

Суицидтің алдын алу мәселелері жөніндегі зерттеу нәтижелері Ресейде 1917 жылдан кейін ғана баспа бетін көре бастаған. М. Әділбекова өз мақаласында: «А.Е. Личко, К. Леонгард зерттеулерінде жеткіншек жастағыларға тән суицидті мінез-құлық типтерінің үш түрін: демонстративті, аффективті, шынайы деп бөлді. А.Е. Личко тұлғаның акцентуация типі мен жеткіншектің суицидті мінез-құлық арасындағы байланысты көрсетті. Суицидті мінез-құлықтың демонстративті типінің 50 пайызын истероидты-бекем және гипертимді-истероидты типтер құрайды. Ал аффективті суицид кезінде бірінші орынды лабильді-истероидты типтер алған. Шынайы қастандық, көбінесе, сензитивті типтерде (63 пайыз) болып шыққан. А.Е. Личко жеткіншектік кезеңдегі суицидтің төменгі белсенді шизоидтарға тән екендігіне баса назар аударады.

Егер жеткіншек өзіне сенімсіз, оптимист емес, бірақ күнделікті істе белсенді, өзін кінәлайтын, қорғанышсыз екендігін сезінетін болса және психикалық дамуы кешеуілдесе, онда осындай белгілері бойынша бала суицидке бейімді деген болжам жасауға болады.

Егер ашық, ақжарқын жеткіншек тұйықталса, мінез-құлқында қызбалық байқалса, кейбір құрбыларымен қарым-қатынасы бұзылса, ерік-жігерінің және қоршаған ортаға деген қызығушылығының болмауы мінез-құлықтық ерекшеліктер болып табылады.

Біздің елімізде алғаш рет өзіне-өзі қол жұмсау мәселесіне қатысты 1999 жылы Қарақұлова Зәуре «Суицидал мінез-құлықты жеке адамның отбасылық тәрбие жүйесіне байланыстылығын зерттеу» (ғылыми жетекшісі - психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов) тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі болып Қазақстан, Ресей және кеңестік психологтардың суицидалды мінез-құлқының дәрігерлік және әлеуметтік тұжырымдамалары, атап айтқанда Б.Г. Ананьев, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн және басқалардың тұлғаның дамуына әлеуметтік ортаның К.А. Абульханова-Славская, С.М. Жақыпов, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.К. Шабельниковтердің қоғамның тіршілік әрекетіне тұлғаның ендірілуін зерттеудегі функционалды-әрекеттік тәсілі, суицидал мінез-құлықты және оның пайда болуының себептерін түсіндіруде А.Г. Амбрумова, Л.И. Постовалова, В.П. Тихоненко және т.б. зерттеулері саналды. 3. Қарақұлованың зерттеуінде суициденттер отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері көрсетілген. Суициденттің ақыл-парасатының, құндылықтарының ерекшеліктерін эксперименттік тұрғыдан зерттеген (сыналушылардың саны – 350). Сонымен қатар суицидтік мінез-құлыққа бейім келетіндерге психологиялық тексеру жүргізу жолдары белгіленген. Кейбір отбасы мүшелерінің псевдо іс-әрекеттерінің болатындығын анықтаған.

Балалардың өзіне-өзі қол жұмсаған барлық түрлерінің көпшілігін, яғни ересектердің тарапынан болатын зорлық-зомбылыққа тап болу қорқынышы, мұғалімдер, достары, сыныптастары жағынан көрініс алатын дау-дамайлар, айналасындағылардың тасжүректік және немқұрайлы қарым-қатынастары, жауапсыз махаббат туындатады. Мұндай қадамға, тез жәбірленгіш, жалғыздықтан зардап шегіп, өзінің керексіздігін сезінген, өмірдің мән-мағынасын жоғалтқандар барады. Сонымен қатар суицидтің болу себебі ата-анасының ішімдікке, нашақорлыққа салынуы, баланың жеке психологиялық ерекшеліктерінен де болуы мүмкін.

Әлемде барлық жастағы адамдар өзіне қол жұмсауға әрекеттенеді. Қазіргі таңда үш бірдей жас ерекшелігі топтарында: балалар арасында, жеткіншектерде және егде жастағы адамдарда мінез-құлықтың өзінен-өзі тиісті мөлшерден ауытқушылығына ерекше мән беруіміз керек.

Балалар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсау басқа жас ерекшеліктерімен салыстырғанда сирек кездеседі. Дегенмен де суицидті түсіндіретін теориялар мен сипаттамалар балаларға да қатысты. өзіне-өзі қол жұмсау тәсілдері тіпті әр қилы: дәрі-дәрмектерді мөлшерден тыс ішуден бастап,

пистолетпен өзін-өзі мерт қылуы. Сөйтіп 3 : 1 арақатынасында ұлдар қыздардан асып түседі. Сондай-ақ балалардың кейбіреулері, мысалы үшкір затпен денесін шаншып жарақаттау, кесіп жаралау, күйдіру, дәрі-дәрмектерді мөлшерден тыс ішу және биіктіктен секіру сияқты тиісті мөлшерден ауытқушылық, ауруханаға түседі.

Зерттеушілер көрсеткендей, кішкентай балаларда суицидке әрекет жасау алдында: үйден қашу, апатқа ұшырауды көздеу бағыты, өтірік істерге ұмтылу, ашу қысу, ортадан безу және жалғыздық, кедергілерге шыдамау, мұнды қиялға шому және өлім мен өзіне-өзі қол жұмсауға деген зор ықылас болады. Зерттеушілер балалар суицидін сүйікті адамын жақын арада жоғалтқан немесе жоғалтатындай болғандағы жағдаймен, отбасындағы стресспен және ата-аналардың жұмыссыздығымен, әкешешелерінің мейірімсіз қарауымен және депрессияның клиникалық деңгейімен байланыстырады.

Балалар өзіне-өзі қол жұмсау ісінің мәнін толығымен түсінеді дегенге, адамдардың көпшілігінің сенуі қиын. Олардың есептеуінше, баланың ойлауы шектеулі, өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет жасайтын балалар Шнейдерманның «өлімді елемеушілік», яғни дүниеден озған анасына қосылуға ұмтылуы. Сонымен қатар көп адамдар суицидті ойлау типі қалыпты балаларда таралған деп есептейді.

Суицид депрессиямен, өзін-өзі төмен бағалаумен және күдер үзу сезімімен байланысты. Сонымен қатар өзіне-өзі қол жұмсау жөнінде ойлайтындар өздерінің қиыншылықтарын бағалауға және одан құтылудың жолдарын білмегендіктен, күшті стресс күйінде болады. Олардың көпшілігі ұзақ стресті басынан өткізеді, ата-анасынан айрылғандар немесе олармен қарым-қатынастарының дұрыс еместігі, отбасындағы дау-дамай, құрбыларымен өзара қарым-қатынастарының теңбе-тең болмауы және әлеуметтік оқшаулау. Жанама стресс тудыратындар: мысалы отбасындағы қаржы тапшылығы және дос ұлмен немесе дос қызбен болған түсінбеушіліктер. Өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенуші тинейджерлер арасында ең кең жайылған қиын мәселе – мектептегі стресс болып табылады. Әлдебір оқушылардың үлгермеушілігі, ал басқа оқушылардың «өте жақсы» бағалармен оқуы мәселе туғызады, кейде «басқалардан артықпын» деп сыныпта бірінші, яғни алдыңғы қатарда көрінгісі келуі стрестік жағдайға әкеледі.

Кейбір теоретиктердің есептеуінше, жасөспірімдік шақтағы стрестік хал-ахуал өз алдына суицидқа әрекеттенуді тудыруы ықтимал. Жасөспірімдік шақ – бұл жедел өсіп жетілетін кезең болғандықтан, біздің қоғамдағы мектеп пен отбасындағы дау-дамаймен, депрессияны сезінумен, шиеленіспен жиі байланысты. Басқа жас кезеңдеріндегі, жеткіншектер өте сезімтал, ашуланшақ, өтіп жатқан оқиғаларға қызбалықпен қарайды, сол себепті стресс күйінде суицид актісі ұлғаяды. Сонымен, жеткіншектердің иланушылығы және басқаларға еліктеуге ұмтылуы, соның ішінде өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенушіге, суицид үшін негіз ой болып саналады. Қайсыбір, өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенуші жеткіншектердің 93 пайызы өзіне-өзі қол жұмсауға

әрекеттенгендермен таныс болып шыққан. Жеткіншектер ересектерге қарағанда өзіне-өзі қол жұмсауда батыл емес. Өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенуші жеткіншектердің кейбіреулері шын мәнісінде өмірден кетуді тілейтіндер болғанмен, көпшілігі басқаларға қандай қиын жағдайға тап болғандығын және олар көмекке мұқтаж екендіктерін түсіндіргісі және айналасындағыларға сабақ болсын деп үйреткісі келеді екен.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, дінге сенбеушілік, имансыздық, суицидке жайбарақат қарауға алып келетіндігі анықталды.

Жеткіншектер дағдарысқа түскен жағдайда мамандардан емес, өздерінің құрбыларынан кеңес сұрайды. Баспанасы жоқ немесе үйден қашып кеткен жеткіншектер өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойда жүретіндігі белгілі болып отыр.

Әлемдегі барлық елдерде жеткіншектердің өзіне-өзі қол жұмсауы өсіп келетін көрінеді. Кейбір теориялар осы мәселені әлеуметтік өзгерістермен байланыстырады, колледждегі оқуға бәсекелестіктің күшеюі, академиялық және спорттағы жетістіктер, осыған сәйкес көпшілігінің армандары аяқ асты болып қанағаттанбағандықтан, шамданғыш келеді. Басқадай да түсінік бар, яғни отбасындағы тығыз бірлік әлсіреген, сондықтан отбасы мүшелерінің бір-біріне жат болып кетуі мен шеттетілуі және анаша тартуға қол жетерлік болуы және осыған итермелейтін ортаның қысымын жеткіншектердің сезінуі артып келеді.

Өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенуші жеткіншектер туралы хабарлардың ақпарат құралдарынан берілуі суицидтің өсуіне әсер етеді екен. Репортаждар мен суицидті сипаттау және көркем шығармалар (кинофильмдер және әдебиеттер) жастарға өзіне-өзі қол жұмсаудың моделі ретінде көрініс табуы мүмкін.

К. Елшібаеваның «Суицидтің алдын алу» еңбегінде жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділікке үйрену, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара арақатынас жасау, жеткіншектерді агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету, бақылау мен өзін-өзі қадағалауды дамыту, қауіпті жағдайларды ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру, өзіне деген жағымды қарым-қатынасты орнату, оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуын қалыптастыру сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Сонымен суицид көрініс алған тәлім алушы топпен жүргізілетін психокоррекциялық жаттығулардың мазмұны төмендегідей:

- пікірталас – ұрыс емес;
- адам ашу-ызамен қандай істерге барады?
- қауіпті жағдайлар,
- мен өзімді мақтан етемін;
- күйзелістен қалай құтылуға болады;
- мен өз ренішіме еніп кеттім;
- ойлар, сезімдер, мінез-құлық;
- өтініш және менің
- менің құқықтарым;
- қиын жағдайлар мені нелерге үйрете алады?

- төзімділік деген не?

Балалардағы суицидті жағдайлар импульсивті, ситуативті және жоспарланбаған болып жиі кездеседі. Суицидтік әрекетіне бару – өмірге бейімделе алмаудың салдары, әрі туыстарынан және сыртқы ортадан оқшаулану негізінде туындайды.

Сонымен, жеткіншектердегі суицидті мінез-құлық, оларды қоршаған ортамен әлеуметтік байланыстың бұзылуын өзін-өзі мерт қылумен қалпына келтіру деген оймен ерекшеленеді. Суицидті мінез-құлық түрлерінің туындауына түрткі болатындар: адамның психологиялық факторы, мәдени деңгейі мен оны қоршаған адамдар. Баланың әлеуметтік ортаға сонда ғана суицидті мінез-құлық деңгейі аз мөлшерде болады.

Эмоционалдық интеллект

А. МОЛДАГАЛИЕВА

Эмоциялық интеллект – бұл адамның өз эмоцияларын түсінуі, оларды басқаруы және әлеуметтік қарым-қатынастарда эмоцияларды тиімді қолдануы. Эмоциялық интеллект пен тұлғалық даму саласындағы зерттеулер қазіргі білім беру және психология жүйесінде маңызды орын алады. Бұл бағыттағы негізгі зерттеушілердің бірі – Дэниел Гоулман, оның еңбектері эмоциялық интеллект концепциясын кеңінен танытты. Сонымен қатар, Абрахам Маслоу мен Карл Роджерс тұлға теориясы мен даму мәселелеріне үлкен үлес қосты. Бұл ғалымдардың идеялары эмоциялық интеллект пен тұлғалық дамудың теориялық және практикалық негізін қалады.

Дэниел Гоулман эмоциялық интеллекттің адамның өмірінде қаншалықты маңызды рөл атқаратынын және оның кәсіби жетістік пен жеке өмірдегі маңызын зерттеді. Гоулманның зерттеулерінің негізінде эмоциялық интеллект келесі бес компонентке бөлінеді:

- Өзін-өзі тану: Өз эмоцияларын түсіну, олардың әсерін сезіну және өзін-өзі бағалау қабілеті;
- Өзін-өзі реттеу: Эмоцияларды бақылау және оларды мақсаттарға жету үшін бағыттау;
- Мотивация: Ішкі мақсаттар мен ұмтылыстарға жетуге деген ынта;
- Эмпатия: Басқалардың эмоцияларын тану және түсіну;
- Әлеуметтік дағдылар: Адамдармен қарым-қатынас орнату және оларды басқару қабілеті.

Гоулманның айтуынша, эмоциялық интеллект білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Оқушылардың эмоциялық интеллектін дамыту олардың:

- Мектептегі үлгерімін арттырады;
- Құрдастарымен қарым-қатынасын нығайтады;
- Стресті басқару және қиындықтарды шешу қабілеттерін жақсартады.

Гоулманның зерттеулері бойынша, эмоциялық интеллект академиялық үлгерім мен IQ-ға қарағанда өмірлік табысқа жетуде үлкен ықпал етеді. Бұл концепцияны мектеп бағдарламаларына енгізу арқылы балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасауға болады.

Абрахам Маслоу адам қажеттіліктерінің иерархиясы арқылы адамның тұлғалық даму процесін түсіндіруге тырысты. Маслоу қажеттіліктерді бес негізгі деңгейге бөлді:

- Физиологиялық қажеттіліктер: Тамақ, су, ұйқы сияқты негізгі қажеттіліктер;
- Қауіпсіздік қажеттіліктері: Қауіпсіз орта мен тұрақтылыққа ұмтылыс;
- Әлеуметтік қажеттіліктер: Сүйіспеншілік, достық, және қарым-қатынас қажеттілігі;
- Құрмет қажеттіліктері: Өз-өзін құрметтеу және басқалардың құрметіне ие болу;
- Өзін-өзі жүзеге асыру: Өз қабілеттерін толық іске асыру және жеке мақсаттарға жету.

Маслоудың теориясы эмоциялық интеллекттің дамуы үшін берік негіз болып табылады. Эмоциялық интеллектті дамыту үшін адамның алдымен базалық қажеттіліктері қанағаттандырылуы керек.

Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы бойынша оқушылардың дамуы үшін олардың барлық деңгейдегі қажеттіліктерін ескеру маңызды. Мысалы: Мектепте қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыру арқылы оқушылардың өзін-өзі тануына жағдай жасау. Оқушылардың әлеуетін жүзеге асыру үшін шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізу.

Карл Роджерс гуманистік психологияның негізін қалаушылардың бірі болып саналады. Роджерс тұлғаның дамуы үшін үш негізгі жағдайды анықтады:

- Шынайылық: Адамның өз сезімдері мен іс-әрекеттерінде шынайы болуы;
- Қабылдау: Басқаларды шартсыз қабылдау;
- Эмпатия: Басқалардың сезімдерін түсіну және оларға жауап беру.

Роджерстің тұлғааралық қарым-қатынас теориясы эмоциялық интеллекттің эмпатия, өзін-өзі тану және әлеуметтік дағдылар компоненттерімен тығыз байланысты. Ол адамның тұлғалық дамуы үшін басқа адамдармен сенімді қарым-қатынас орнатудың маңызды екенін көрсетті. Мектептегі қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған тренингтер мен бағдарламалар Роджерстің идеяларына негізделген. Мысалы, «Сөзсіз байланыс» немесе «Досымның сезімі» сияқты

жаттығулар оқушыларды бір-бірінің сезімдерін түсінуге және қолдауға үйретеді.

Гоулман, Маслоу және Роджерс еңбектері эмоциялық интеллект пен тұлғалық дамудың кешенді теориялық негізін қалыптастырады:

- Гоулманның эмоциялық интеллект компоненттері оқушыларды эмоцияларды басқаруға және оларды әлеуметтік өмірде қолдануға үйретеді;

- Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы адамның тұлғалық дамуын қолдайтын қажеттіліктерді түсінуге көмектеседі;

- Роджерстің гуманистік көзқарасы тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартып, эмпатияны дамытуға бағытталған.

Бұл идеяларды білім беру бағдарламаларына енгізу арқылы оқушылардың тұлғалық және эмоциялық дамуына қол жеткізуге болады.

Дэниел Гоулман, Абрахам Маслоу және Карл Роджерс еңбектері эмоциялық интеллект пен тұлғалық даму мәселелерін түсінуде ерекше орын алады. Олардың теориялары оқушылардың өз эмоцияларын түсінуі, басқалармен қарым-қатынас орнатуы және өзін-өзі дамытуы үшін тиімді құралдар ұсынады. Бұл ғалымдардың идеяларын интеграциялау қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені эмоциялық және тұлғалық даму адамның болашағын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Сондықтан эмоционалды интеллектіні қалыптастыру мен дамытудың ең тиімді жолы бар болса, балабақшадан бастап мектеп қабырғасында өзге адамдардың сезімі мен эмоциясын көріп өскені маңызды. Өйткені эмоционалды интеллект – адам өмірінде үлкен орын алатын қабілет. Баланың өмірінде эмоционалды интеллектіні дамыту өте маңызды.

Қазіргі заманда эмоциялық интеллект адам өмірінің барлық саласында маңызды орын алуда. Академиялық үлгерімнен бастап, жеке қарым-қатынасқа дейін эмоциялық интеллекттің әсері зор.

Білім беру жүйесі оқушылардың танымдық дағдыларымен бірге, эмоционалды және тұлғалық дағдыларын дамытуға ерекше назар аударуды талап етеді. Эмоцияларды түсіну, басқару, және қолдану – өмірде жетістікке жетудің маңызды факторларының бірі. Сондықтан, түрлі жұмыстар арқылы оқушылардың эмоциялық сауаттылығын арттырып, олардың қарым-қатынас, эмпатия және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру маңызды. Осы эмоциялық интеллектті дамытудың маңыздылығын түсіну және оны білім беру жүйесіне енгізу қажет деп ойлаймын.

Психикалық күйзеліс ұғымы туралы бірер сөз

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВА

«Стресс» термині ағылшын тілінен – қысым, қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс қозу деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі. Ғылымға ең алғаш осы ұғымды енгізген канадалық физиолог Ганс Селье. Оның анықтамасы бойынша, стресс – өте жағымсыз әсерлерге жауап ретінде туындаған организмнің қалыпсыз бейімделу әрекеттерінің жиынтығы. Адамның жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлері байқалады.

Ганс Селье стрессті физиологиялық позицияда қарастырды, ол стрессті организмнің кез келген талаптарына, ерекше реакциясы ретінде қарастырды. Стресстің түрлілігіне байланысты реакциялардың типіне қарай әртүрлері бар, ол бұл реакцияларды жалпы бейімделгіш синдром деп атады (general adaptation syndrome, GAS). Селье GAS-тың 3 кезеңнің бірдейлігін жасаған, оның әрбіреуі жүйкелік және эндокриндік функциялардың өзгеруімен байланысты: үрей реакциясы, қарсыластық кезеңі мен таусылу кезеңі.

Селье стресстік реакцияларды тудыратын әсерлерді стрессорлар деп атады. Мұндай анықтамаларды Хинкль мен Мэсон (Hinkle, 1973; Mason, 1975) сынға алған болатын.

Хинкльдің айтуынша, реакциялар әртүрлі бола отырып, ерекше болуы мүмкін.

Психологиялық зерттеулердің санының ұлғаюына байланысты «стресс» туралы анықтамалар көбейе түсті. Әрбір ғалым стресс туралы әртүрлі тұжырымдамаларын айтқан болатын. Бұдан 35 жыл бұрын Касл стимул мен реакцияны қамтитын ерекше құбылыстан бастап жалпы байқалатын құбылыстарға дейінгі концепциялар тізімін құрған болатын. Мысалы, стрессті кейде, стресстік деген мағынада қоршаған орта ұғымымен анықтады (Landy & Trumbo, 1976), немесе «фрустрация немесе қауіп» (Bonner, 1967), немесе стимул мен реакция арасындағы байланыс ретінде қарастырған.

R.R.Griker мен J.P.Spiegel стресс терминін техникалық қолданыспен байланыстырды. Стресс түсінігін олар: өмірде кездесетін қатыгез соғыспен психологиялық конфликттерде көрінетін ерекше кейіп пен жағдайлар деп түсінеді. M.B.Arnold 1960 жылғы кітабында стрессті: «организмнің қалыпты функциясын бұзатын түрлі құбылыс деп анықтайды». H.Seyle стресс түсінігін физиологияға енгізгенімен оны қарама-қарсы ұғымда қолданды. Ол стрессті - жануарларда белгілі жағдай әсерінен туындаған реакциялар деп түсінеді.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «стресс» термині 3 түрлі мағынада

көрсетілген. Біріншіден, стресс ол – адамда қатты қозу мен қысымды тудыратын сыртқы стимулдар мен жағдайлар. Қазіргі таңда бұл түсінікті «стрессор», «стрессор-фактор» ұғыммен сәйкес қолданады. Екіншіден, стресс субъективті реакция қатарына жатқызылады және бұл мағынада ол қозу мен қысымның ішкі психикалық жағдайын көрсетеді. Адамда болып жатқан біріккен реакциялар мен жеңу процестер күйдің эмоциясы ретінде қорытынды жасалынған. Мұндай процестер жүйелердің функцияларын жетілдіру мен дамуына әсер етуі мүмкін, сонымен қатар психикалық қысымды тудыруы мүмкін. Үшіншіден, стресс – қатерлі әсерлерге организмнің физиологиялық реакциялары деп түсіндіріледі. В. Кенон мен Г. Селье стресс терминін дәл осылай түсіндірген.

BAUMA мен. RiceP.L. физиологиялық функциясының реакциясы – бұл күйді жеңудегі психикалық процестер мен мінез-құлық іс-әрекеттерінің қолдауы болып табылады деп түсіндірді.

Стресстің жалпыға бірдей теориясы болмағандықтан оның нақты анықтамасы жоқ. N.H. Rizvi әр түрлі нұсқаларын қарастыра отырып, келесідей белгіледі:

1. «Кейде бұл түсінікті азайтуға немесе алып тастауға тырысатын организмнің қобалжу күйіне жатқызылады. Стресс мұндай мағынада амерсивті мотивация, диссонанс, қобалжу сияқты жағымсыз күйлерден кішкене болса да ерекшелігі бар.

2. Стрессті сонымен қатар, ішкі мазасыздық күйін көрсететін психологиялық және мінез-құлық реакциясы ретінде қарастырылады.

3. Стресс – агрессиядан қашу шешіміне алып келетін тәндік жағдайлар деп анықталды. «Стрессор» түсінігі қауіп, қысым, конфликт, фрустрация және экстремалды жағдай түсініктерімен сәйкес келеді.

«Стресс» терминіне аналогиялық талдау жасаған Л.Ф. Китаев-Смык. Оның айтуынша, бұл терминді қазіргі әдебиеттерде былай түсіндіреді:

1. Организмге қатты, жағымсыз теріс әсер ететін әсерлер;

2. Стрессорлар әсеріне организмге күшті, жағымсыз физиологиялық және психологиялық реакция;

3. Организмнің күшті жағымды және жағымсыз реакциялар тобы;

4. Экстремалды әсерінен, интенсивті бейімделу белсенділігінен туындайтын организмнің психологиялық реакциялары мен физиологиялық спецификалық емес қырлары немесе элементтері.

5. Организмнің әр түрлі реакцияларынан көрінетін, организмнің психологиялық реакциялары мен физиологиялық спецификалық емес элементтері.

Автордың ойынша, стрессті экстремалды әсерінен, интенсивті бейімделу белсенділігінен туындайтын организмнің психологиялық реакциялары мен физиологиялық спецификалық емес қырлары немесе элементтері деп түсінген дұрыс деп есептейді, себебі айтылған бірінші нұсқасы қазіргі таңда оны «стрессор» терминімен ауыстырылса, ал екіншісі стресс кезіндегі спецификалық емес бейімделу процесін толық көрсетпейді, - дейді.

Р. Лазарус (1970) бойынша стресс туралы көріністері, оның теория-

сы мен модельдерінде қарама-қайшы келеді. Р. Лазарус стресс түсінігін айқындау үшін 2 маңызды жағдайды ұсынды:

1. Психологиялық стресстің талдауында тек сыртқы байқалған стресстік стимулдар мен реакциялар ғана емес, сонымен қатар стресске қатысты психикалық процестеріне қауіп процесі арқылы, терминологиялық шатастырулар мен стресс анықтамасындағы қарама-қайшылықты жоюға болады.

2. Сыртқы жағдайлардың адамға әсер етуі стресстік реакцияның мазмұны қорғаныс пен процестердің бағасы, тұлғаның психологиялық құрылымымен байланысты болып келеді.

1976 жылы Н.И. Наенко бойынша психологиялық стресс дегеніміз – экстремалды жағдайдағы субъекттің күрделі формасында көрінетін негізгі психикалық күй. Психикалық көріністің спецификасы іс-әрекет процестеріне негізделеді. Көбіне бұл іс-әрекеттер таңдалып немесе шешім қабылдаған мақсаттарына жетудегі мотивтер мазмұнымен анықталады.

Сонымен қатар «стресс» термині үрей, қысым сияқты ұғымдармен байланыстырылады.

А.М. Прихожан үрейді тұрақты бітіс ретінде 3 формаға бөліп, қарастырды, үрей сезімдері пайда болғанда мінез-құлқы мен іс-әрекетінде саналы түрде уайымдалатын «ашық» 3 құрылымды көрсетті:

- шұғыл реттелінетін немесе әлсіз реттелінетін үрей;
- реттелінетін немесе орны толтырылатын үрей;
- әдетке айналған үрей, тұлға сапаларының құнды қасиеті;
- құпиялы үрей формасы, көп жағдайларда бейсаналы, тыныштық, жағымсыз жағдайларды сезінбеуі, оларды теріске шығаруы (пара-пар емес тыным) немесе жанама түрі («ситуациядан қашу»).

Үрей күйінің болашаққа деген бағыттылығы нақты болып табылады. Уайымшыл адам, болашақта не болуы мүмкіндігіне мазасызданады. Оның өте аз мүмкіндіктерге ие болатын жағымсыз жағдайлар мен апаттар жөніндегі ойлары бойын билейді.

Кейбір зерттеулерде, үрей, ағзаның қатал әрі көп уақытқа созылған стресстік жағдайларға бейімделуі туралы мәліметтер бар.

Басқа зерттеушілердің ойынша, үрей, тек психологиялық бейімделу формасы емес, оның бұзылуы жайында да ақпарат береді деген. А.И. Захаров, үрей – қауіпті алдын-ала сезіну, мазасыздық күйі деп жазған. Ол көбінесе белгілі бір жағымсыз әсер қалдыратын, қауіп төндіретін, болжамы қиынға соғатын жағдайларда айқындалады. Жағымсыз жағдайдағы анық емес күйде, үрей, белгі ретінде пайда болады.

А.И. Захаров үрей мен қорқынышты бөліп, бөлек, жеке-жеке қарастырды. Үрей – қауіп-қатер жөніндегі белгі, ал қорқыныш – оған жауап, үрей – алдын-ала сезіну, ал қорқыныш – қауіп-қатер сезімі, үрей – психикаға қоздырушы әсер етсе, ал қорқыныш – оны тежейді, үрей ұстанымдары жалпы, анық емес болса, ал қорқыныш – нақты, үрей – болашақты болжаса, ал қорқыныш бастауы – бұрынғы тәжірибе болып саналады.

А.М. Прихожанның мазасыздық ұғымдарына берген анықтамасы: «Үрей – тұлғааралық қарым-қатынастарының психологиялық бей-берекет күйінің субъективті көрінуі, оның дезадаптациясы» деген негізгі ұстанымы, бұл зерттеудің түпнегізі болып табылады.

Қазіргі замандағы ата-аналар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас

С. ШЕГІР

Бала тәрбиесі – сан мыңдаған жыл бойы дамып келе жатқан үздіксіз үдеріс. Балаға уақытылы көңіл бөліп, оны тәрбиелеу, оларды бақытты бала ету – ата-ананың ең басты міндеті. Бала – тумасынан сүттей таза, пәк, еш арамдығы жоқ жан. Біреуге қиянат жасауды, өтірік айтуды, ата-анасына қарсы келуді білмейді. Өте тәртіпті, адал, ақ көңіл бала болып дүниеге келеді. Алайда, ол баламен қасындағы бірге ойнайтын достары, сыныптас құрбылары арасында, немесе мектебінде және үйде, ата-анасы арасында кездесетін жағдайлар балаға жағымсыз әсер етуі мүмкін. Соңында балаларымызға ие бола алмай қалуымыз мүмкін. «Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе» – деп, ұлы ғұлама М. Әуезов бекер айтпаған. Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Отбасы – тұлға қалыптастырушы бесік. Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта, ол бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Отбасының бастапқы қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілік араласса, босағасы берік шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Бала көбінесе анасына жақын келеді. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана – баланың алғашқы ұстазы. Әсіресе, әкенің рөлі ер баланы тәрбиелеуде басым. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білген білімін, түгел үйретуге тырысады. Ал ұл бала өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренген. «Ата көрген оқ жонар», деген осыдан шыққан.

Қарым-қатынас – социумдық ұғым болғанымен, адам өмірінің ең маңызды әрі күн сайын жолығатын дүниесі. Тап қазір осы мақаланы оқып отырған Сіз осы уақытқа дейінгі сізбен болған бүкіл қарым-қатынастың өнімісіз. Демек, индивидуаралық коммуникация белгілі бір тұлғаның бойындағы барлық қасиеттерді, түсінік-көзқарастары мен ұстанымдарын, талғам-қабілетін қалыптастыратын ең қымбат валюта. Ал оны дұрыс қалыптастыру мәселесі өз алдына бөлек дастан. Әсіресе, жас ата-ана мен бала арасы.

Сан мың отбасының өзара гармонияда ғұмыр кешуі кез келген өркениетті жұрттың басты мұраты. Айналасына қажеттілігін сезініп, қадірлі екеніне көзі жеткен жанның өміріне мән бітеді. Қарым-қатынас – үйлесімді, бақытты және шуақты өмірдің бір бөлігі. Әртүрлі белгілер мен өлшемдерге сәйкес қатынастардың бірнеше жіктелімі бар. Енді көлденең және тік қарым-қатынастардың айырмашылығын және оларды шатастырмай, өз уақытында дұрыс қолдану ретін айтайық.

Психология оқулықтарындағы қарым-қатынас классификациясы санаға біршама салмақ түсіруі мүмкін. Қарапайым түрде түсіндірсек, тік қарым-қатынас отбасылық байланыста жиі көрінетін иерархия түрінде жүреді. Іңгәлап жарық дүние есігін жаңа ашқан сәби ақ парақтай пәк. Ал соған ақпар жазып, болмысын бедерлейтін бәдізшілер – ата-ана, қоршаған орта.

Даму барысында бала алдымен вертикальды байланыстарға сүйенеді, ол толығымен ата-анасына немесе отбасының басқа мүшелеріне байланысты. Ана баласына мейірін төгіп, махаббатын арнаған соң әкеге қарай ауа бастайды. Әкесімен байланыс орнатқан соң, ата-әже, бауырларымен қатынас түзейді.

Бірақ есте тұтатын бір жайт – әркім өз орнында болуы керек, төменнен жоғары қарай ретімен. Мысалы, ананың алдына ата-әжесінің түсіп кетуі психикалық қолдаудың жетіспеушілігіне алып келуі ықтимал. Отбасы мүшелері сәбидің болмысын, дүниетанымын қалыптастырады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген осыдан. Тіпті мамандар бала тәрбиесі құрсақта емес, ата-анасының болашақ бала туралы ойланған сәтінен басталатынын айтады. Қазақ оны «сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді», - дейді.

Қазіргі кезде ата-ана жұмысбастылықпен жүріп, бала тәрбиесімен үздіксіз айналыса алмайтыны, балалардың ұзақ уақыт смартфондардан көз ала алмай отыратыны алаңдатарлық мәселеге айналды. Осы мәселені сонау 2000 жылдардың басында Еуропа елдері, АҚШ және Жапон мемлекеті көтерген кезде, біз үшін аса алаңдатарлық мәселе болып көрінбегені рас. Алайда, уақыт өте келе заманауи ақылды техника өнімдері балаларымыздың санасын улап, іс-әрекетін оғаштандырып, тілін орыстандырып бара жатқаны жанымызды жаралайды. Соның бәріне ата-ана өзін кінәлайды. Себебі барлық балалар смартфон

ұстап, бір-бірімен ойын ойнап жүргенде өз баласының смартфонсыз жүргенін көріп, оның көңілін қимай, қымбат болса да гаджеттер алып беретініміз бар. Сол смартфон уақыт өте келе баламызға ата-анасын, достарын тіпті дұшпандарын да алмастырып, виртуалды өмір сүруге дағдыландырады. Смартфон көп көрген баланың коммуникациялық және физикалық қабілеттері нашарлайтыны айтпаса да белгілі. Тіпті баласынан смартфонын тартып алған ата-аналар мен жақын адамдарын балалары жаралап, мерт қылып жатқан оқиғалар да қоғамымызда орын алып жатқаны өкінішті. Ата-ана күнделікті қарбалас тіршілікте қалайша баласымен тығыз қарым-қатынас жасап, оны дамытып үлгереді? Ақша табу мәселесімен басы қатып отырған ата-ана бала тәрбиесін мектепке, балабақшаға итермелейтіні белгілі. Тәрбие біржақты емес жан-жақты үдеріс екенін естен шығармаған жөн. Ата-ана жауапкершілігі мен білім беру ұйымдарының да жауапкершілігін күшейткен кезде, ата-ана мен бала санасында жауапкершілік сезімін ояту қажет. Сол жағдайда бала өзінің қоғамның бір мүшесі екенін, оған өз пайдасын беру керектігін сезінеді. Мектептегі буллинг мәселелері де оқушы психологиясына кері әсер етіп, білім алуға деген мотивациясын төмендететіні, тіпті физиологиялық тұрғыдан жиі ауырып, әлсіреп кетуіне ықпал етеді. Сондықтан ата-ана баласымен жиі сөйлесіп, өзіне жақын тартып отырса, бала ақырындап ата-анасына ашылып, мектептегі келеңсіз жағдайларды айтып, оны бірлесе шешуге мүмкіндік туар еді. Ата-ана баласына қатігездік және қорқытумен емес, мейірімділік пен достық тұрғыдан көмектесу арқылы тіл табысып, етене жақын әрекет етіп, бала тәрбиесін жолға қоя алады. Себебі, біздің баламыз – ол біздің тікелей айнамыз. Біз оны немен суарсақ, соны көретін өніміміз екенін ұмытпағанымыз абзал. Сондықтан, құрметті ата-аналар, бала тәрбиесіне шорқақ қарамай, смартфон беріп, мені мазаламаса болғаны деп, өз баламыздан қашпай, қайта керісінше, бір күнді телефонсыз, гаджеттерсіз өткізіп, бірлесіп іс-әрекет жасап, тұрмыстық жұмыстарды қызыға атқарып үйренейік, баламызды да соған үйретейік! Бірге дәмді тағам әзірлеп, бірлесе үй жинап, қызықты әрі тәрбиелік мәні бар кинофильмдер мен мультфильмдер көріп, оны бірлесе талқылап отыру қандай ғанибет! Баламен бірге отырып сурет салу, ермексаздан түрлі мүсіндер жасап, олармен ойын ойнап, далада бірге серуендеуді әдетке айналдырсақ екен. Өз үйінде бақытты бола алмаған адам өзге жерден бақыт таппасы анық, ол балаға да ата-анаға да қатысты. Мектептің мұғалімдері де алдында отырған білім алушыларға педагогикалық шеберлікпен қарағаны жөн. Ол бала – болашақтағы сол мұғалімді емдейтін дәрігер, жалақысын есептейтін есепші, банк қызметкері, аспаз, бағдарламалаушы да, яғни болашақ қоғамның көрінісі екенін ұмытпағаны абзал. Болашақты қалай көргіміз келсе, балаларымызға сол нәрсені беруіміз керек.

Жас мамандардың жаңа ұжымға бейімделуіне арналған психологиялық тренинг

А. РАЗАКОВА

Мақсаты: мұғалімнің өзін таныстыра білуі, жаңа ұжымға бейімделуі, бірлесіп жұмыс жасауға бағыт беру.

Міндеттері:

- Қатысушылардың өздері туралы ақпаратпен бөлісуі. (Участники по-делятся информацией о себе);

- Әрбір қатысушы өзін бір үлкен топтың бөлшегі ретінде сезінуі үшін топ ішінде жағымды атмосфера құру.

Топтың ерекшелігі: жас және жаңадан келген мамандар.

Жұмыс жоспары:

1. «Визитка» жаттығуы; 2. «Мандала» жаттығуы; 3. «Чемодан» жаттығуы; 4. «Педагогикалық әрекетке жеке тұлғаның дайындығы мен бейімделуін бағалау» әдістемесі; 5. «Жас маманның 15 қателігі» психологиялық кеңес беру; 6. Рефлексия «Бос микрофон».

Психолог: Сәлем, қымбатты достар! Бүгінгі болғалы отырған сабақта сіздер өздеріңізге қажетті көптеген қызықты және пайдалы нәрселерді білесіздер деген ойдамын.

Бір ұжымда өзің жақсы білетін, жақсы танитын адамдармен жұмыс жасау әлдеқайда жеңілірек болатындығына менімен келісетін шығарсыздар?! Ол адамға не ұнайды, өмірдегі мақсаттары қандай екендігін білесің. Сондықтан да, біздің бүгінгі кездесуімізді бір-бірімізді көбірек тануға арнаймыз. Тіпті, егер, сіз бір-біріңізбен таныс болсаңыз да, бәрібір де сіз қатысып отырғандардың ішінен біреуін көбірек танысыз, ал ендібірін тіптен білмейсіз.

